Қолдау көрсетуші тұлға кеңістікте өздігінен қозғалмайтын немесе қозғалуы шектеулі (тұрақты көмек талап етіледі), көру кемістігі бар балалардың оқуға қатысуына қол жеткізуін қамтамасыз етеді. Ол балаларға мектеп, сынып бойынша орын ауыстыруға (қозғалуға), өзіне-өзі қызмет көрсетуге; тамақтануға; оқу құралдарын пайдалануға көмектеседі және басқа да қызметтерді орындауға себепкер болады. Бұл функцияларды орындау жоғары педагогикалық және психологиялық білімді талап етпейді.

Балалардың бір бөлігінде қозғалыс бұзылыстарының күрделілігіне байланысты қорғау режимін құру қажеттілігі туындайды: баланың құлап кетуіне, соғылуына және т. б. жол бермеу. Әдетте мұндай жағдайлар қоңырау үзілісінде, балалардың бір-бірімен еркін қарым-қатынасы мен дене байланысы болатын жағдайларда болады. Мұндай жағдайда өздігімен қозғала алатын балаларға педагог-ассистенттің көмегі тағайындалмайды, себебі ол оқушының күзетшісі немесе күтушісі қызметін атқармайды.

Мұндай балаларға қауіпсіз және қолайлы ортаны мектеп және сынып жетекшісі құруы қажет. Мұғалім барлық оқушыларға сыныптасының бойындағы ерекшеліктері, онымен дене байланысына түсу кезінде мұқияттықты пен сақтықты сақтау қажеттілігі жөнінде әңгімелей отырып, оларды қамқорлық көрсету, басқаға ерекше көңіл бөлу қасиеттеріне тәрбиелейді. Мұндай оқушының мектептегі (асхана, коридор және т.б.) қауіпсіз қозғалуы ашық түсті киімдері арқылы (сары немесе жасыл көкірекше) жүзеге асырылады. Мұндай баланы кездестірген кезде кез келген мұғалім немесе оқушы сақтық танытып, көмек болған жағдайда қол ұшын береді.

Жақын арада ҚР БҒМ Жалпы білім беретін мектептерінің үлгілік штаттарына педагог-ассистент лауазымын енгізуді жоспарлауда. Педагог-ассистент оқу процесіне өздігімен қатыса алмайтын мінез-құлық, эмоционалдық және коммуникативтік бұзылымдары бар (АСБ және т.б.) оқушыларға көмек көрсетеді. Қолдау көрсетуді талап ететін мінез-құлық және эмоциялық проблемаларға мыналар жатады:

- баланың сабақта өзін-өзі ұстау ережелерін орындауға қабілетсіздігі: партада отыра алмайтын, тұрып, сынып ішінде жүретін; мұғалімнің ескертулерін, талаптарын орындай алмайтын (елемейді);

- мұғалімнің талаптары мен нұсқаулықтарын қиын түсініп және қабылдайтын; белгілі бір іс-әрекетті орындау үшін мұғалімнің үнемі жекелік көмегін және қолдауын қажет ететін балалар;

- сабақта өзін-өзі ұйымдастыру және өзін-өзі бақылау қиындықтары: баланың өзі сынып жұмысына қосылмайды және сынып тапсырмаларын ересек адамның көмегінсіз орындамайды;

- мінез-құлық және эмоциялық ерекшеліктері: дауыстап сөйлейді, себепсіз күлкі, айқайлап, жылап, басқа балаларға және сынып жұмысына кедергі келтіреді, мұғалімге агрессия көрсетеді.

Педагог-ассистент оқушыға оқу процесіне еруге көмектеседі, ұйымдастырады, бағыттайды, жағымсыз мінез-құлықты, эмоциялық және мінез-құлқындағы теріс әрекеттерінің алдын алады. Ол баланың мінез-құлқын бақылай отырып, өз бетінше оқу дағдыларын меңгеруге үйретеді, әрі қарай баланың өзі жасайтын жұмыстарын дербес орындауға қолдау көрсетеді. Жеке көмекші қолдауды төмендету барысында жұмыс атқаруы қажет. Жекелік қолдаудың негізгі және соңғы мақсаты - баланың сыныптағы және мектептегі толықтай дербестігі. Оқушыға жеке қолдау көрсетуде ассистенттің қатысуын азайту төмендегідей ретпен жүргізіледі:

- толық қолдау көрсету – ассистенттің оқушымен бір партада отыруы;

- біртіндеп алшақтату – оқушы партада, ал ассистент оқушыға бағыттаушы және ұйымдастырушы көмек көрсетіп артында отырады. Кейінен ассистент тек бөлектенген сабақтарға ғана қатысуына болады;

- сыныпта өздігімен жұмыс жасайды – оқушы ассистентсіз партада өзі отырады.

Мінез-құлқында проблемалары жоқ зиятының, есту, сөйлеу және т.б. бұзылымдары бар балаларға (арнайы қозғалыс құралдарының көмегімен қозғалатындардан басқа) педагог-ассистенттің көмегі тағайындалмайды.

Мінез-құлқында ерекшелігі бар баламен жұмыс жасауда педагог-ассистенттің арнайы дайындығы болуы қажет (психология және арнайы педагогикалық жоғары білімі негізінде).

Психикалық және дене дамуы мен мінез-құлқы бұзылған балаларға педагог-ассистент қызметін ұсыну ПМПК ұсыныстары негізінде жүзеге асырылады. Мектептің қолдау қызметі өз шешімімен жеңіл мінез-құлқы проблемалары мен сыныптағы жұмысқа бейімделудің қиындықтары бар балаларға бір тоқсанға педагог-ассистент қызметін ұсына алады. Егер де мұндай көмек алдағы уақытта да көрсетілу қажет болса, онда баланың ерекше білім алу қажеттілігін растау үшін ПМПК қорытындысын алуға бағыттау қажет.

10) Әлеуметтік – педагогикалық көмек. Әлеуметтік педагог көмегінің қажеттілігін ӘПКК анықтайды. Әлеуметтік педагог лауазымдық міндеттері мен жұмыс жоспарына сәйкес әлеуметтік қатері бар отбасыларының балаларына көмек көрсетеді.

3.3 ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІН БАҒАЛАУ

Оқушының оқу қиындықтарының сипаты мен дәрежесіне қарай бір немесе бірнеше білім беру қажеттілігі анықталуы мүмкін. Оқушылардың ерекше білім қажеттілігі оқытудың кез келген кезеңінде пайда болады.

Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау – оқу процесі барысында оқушыны қолдаудың түрін, формасын, көлемін анықталған оқу қиындықтары, олардың пайда болу себептері мен механизмдері негізінде белгілеу. Оқу процесі барысында қиындықтары бар балаларды анықтау және олардың ерекше білім алу қажеттіліктерін бағалау екі деңгейде жүзеге асырылады.

Оқушының қажеттілігін бағалау мен қолдау көрсетудің бірінші деңгейі.

Бағалау мен қолдауды тікелей мұғалім жүргізеді. Мұғалім формативті бағалау процесінде оқу қиындықтарын бірінші болып анықтайды (егер ерекше білім беру қажеттіліктерін мектепке дейінгі жаста ПМПК анықтамаған болса). Оның міндеті – өзбетінше қиындықтардың сипатын, олардың пайда болу себептерін, оқушының қалыптасып жатқан білімдерінде олқылықтарын анықтау. Осы алынған ақпарат негізінде мұғалім оқушының сыныптағы оқу барысына қолдауды ұйымдастырады (жекелік тәсіл).

Мұғалімнің оқушыны қолдау тәсілдері:

- оқытудың вариативтік арнайы әдістерін қолдану;
- сабақта жеке оқу материалдарын қолдану;
- оқу нәтижелерін бағалау тәсілдерін өзгерту;
- бақылау материалдарын өзгерту;
- сыныптағы оқу орнын белгілеу және бейімдеу;

Егер оқушыда мұғалімнің жекелік көмегіне қарамастан бір немесе бірнеше пән бойынша оқу бағдарламасын меңгеруде қиындықтары сақталса, онда мұғалім мектептік психологиялық-педагогикалық қызметінен көмек сұрап, 7- форманы толтырады (А-қосымшасы).

Оқушының қажеттілігін бағалау мен қолдау көрсетудің екінші деңгейі.

Қажеттіліктерді бағалауды мектептің психологиялық-педагогикалық қызметінің мамандары жүргізеді (психолог, логопед, арнайы педагог, әлеуметтік педагог). Олар ата-аналарын кездесуге шақырып, балалардың оқудағы қиындықтары және ерекше білім беру қажеттілігін бағалау туралы мұғаліммен бірге хабардар етеді. Балалардың мамандардың көмегіне қажеттіліктерін бағалау үшін ата-аналарының жазбаша рұқсатын алу қажет 6- форманы толтырады (А-қосымшасы).

Әрбір маман арнайы әдістер мен тәсілдерді қолдана отырып, оқушының оқу қиындықтарын тудыратын даму ерекшеліктері мен себептерін анықтау мақсатында тереңдетілген тексеру жүргізеді (психологиялық, логопедиялық,

арнайы педагогикалық). Тексеру барысында маман оқушы дамуының әлсіз жақтарын ғана емес, сонымен бірге күшті жақтарын көрсетіп, оқушының табысты болу ресурстарын да анықтайды. Тексеру нәтижелері бойынша маман мыналарды белгілейді:

- оқушының қысқартылған оқу бағдарламасына мұқтаждығын;
- қандай мамандар оқушыға қиындықтарды еңсеруге көмектесе алады (психолог, логопед, арнайы педагог);
- оқытудың қандай әдістері мен тәсілдері ең тиімді болады;
- оқушының оқу орнын қалай бейімдеу керек.

Психолог, логопед, арнайы педагог, әлеуметтік педагог анықтаған оқыту қиындықтарының себептері негізінде мұғалім мен психологиялық-педагогикалық қолдау мамандары жүргізетін жекелік оқу бағдарламасының мазмұны белгіленеді. Мамандар көмегінің бағыты мұғалімнің сабақтағы жекелік тәсілінің және балаға ата-аналары көрсететін көмегінің мазмұнына сәйкес келісіледі. Мамандар көмегі жекелік және топтық сабақтарда іске асырылады.

Мұғалім мен мамандардың көмегі қысқартылған оқу бағдарламасын табысты меңгеруге ықпал жасамаған жағдайда (1-3 оқу тоқсандар ішінде), қолдау қызметі оқушының ата-анасы ПМПК-не ұсынымдар алу үшін жіберіледі (ата-анасының келісімімен). Бөлектенген жағдайда психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету мамандарының тексеру нәтижелерін сараптағаннан кейін ПМПК ұсынымдарын алу жөнінде шешім қабылданады.

Оқушының қажеттілігін бағалау мен қолдау көрсетудің үшінші деңгейі.

Оқушының қажеттіліктерін бағалауды психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес мамандары жүргізеді. Бағалау нәтижелері бойынша ПМПК оқушыға арнайы педагогтың, ассистент-педагогтың көмегін, білім алудың варианттарын ұсынуы мүмкін: тұрғылықты жеріндегі жалпы білім беру сыныбында, арнайы сыныпта, арнайы мектепте. ҚР «Білім туралы» Заңының 49 бабына сәйкес білім беру ұйымын таңдау құқығы ата-аналарға беріледі. Ата-аналар тұрғылықты жердегі мектепті таңдаған кезде, мектеп оқушыға мұғалімнің және қолдау көрсету мамандарының көмегін ПМПК ұсынымдарына сәйкес қамтамасыз етуі тиіс.

Маңызды жалпылама ақпарат

1. Оқушылардың ерекше білім беру қажеттілігін бағалау мектеппен (мұғалім және психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қызметімен), сондай-ақ психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңеспен жүзеге асырылады. Жалпы немесе арнайы сыныпта ақыл-ойы кем балаларға арналған жеке немесе арнайы бағдарлама бойынша (МЖМБС-ға бағдарланбаған) баланы оқыту туралы шешімді ПМПК-дің кешенді тексеру негізінде ғана қабылдайды.

2. Психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қызметі және / неме-

се мектеп Кеңесі қажет болған жағдайда дербес (ПМПК ұсынымынсыз) жалпы білім беру бағдарламаларын қысқарту (бейімдеу), психолог, логопед, педагог-ассистент қызметтерін көрсету туралы шешім қабылдай алады, бірақ тек белгілі бір кезеңге – бір-үш оқу токсанынан аспайтын. Егер балаға оқу бағдарламасын меңгеруде мұндай көмек көрсету жеткіліксіз болса, онда ерекше білім алу қажеттілігін растау үшін баланы ПМПК-ге бағыттау қажет.

3. Баланың мектептегі оқу үлгерімі мен мінез-құлық нәтижелері негізінде қандай да бір маманның қызметіне мұқтаж еместігі туралы шешімді қолдау көрсету қызметі және/немесе мектеп Кеңесі қабылдайды.

4. ПМПК-дің ерекше білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру жөніндегі ұсыныстары бастауыш мектепте (бірінші және төртінші сыныптарда) оқу уақытында кемінде екі рет жаңартылуы тиіс. Мектеп қолдау көрсету қызметінің және/немесе мектеп кеңесінің шешімі бойынша қажеттілік туындаған жағдайда баланың ЕБҚ-н бағалау мен ұсыныстар алу үшін ПМПК-ге жібере алады.

5. Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау тек ата-аналардың келісімімен ӘПКК-нің мамандарымен жүргізіледі. Келісім беру формасы 1-қосымша, 6-формада көрсетілген.

4 МЕКТЕПТЕ ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУГЕ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР ОҚУШЫЛАРҒА ҚОЛДАУ (КӨМЕК) КӨРСЕТУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету (көмек) – әр баланың мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне сәйкес табысты оқыту мен дамыту үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық шарттар құру барысындағы педагогтар мен мамандардың ұйымдастырылған қызмет жүйесі.

Мектеп ортасын даярлау

Инклюзивті мектеп ортасын дайындау келесі міндетті шарттарды сақтауды көздейді:

- оқушының мүмкіндіктеріне қарамастан педагогтардың әрбір оқушыны теңдей қабылдауы;
- білім беру процесінің барлық қатысушылары мен техникалық қызметкерлердің төзімді мінез-құлық мәдениетімен қамтамасыз ету;
- ЕБҚ бар оқушының жақын даму аймағына сәйкес оқу мақсаттарын анықтау;
- ЕБҚ бар оқушыны оқудан тыс мектеп іс-шараларына қосу;
- оқушыға қолдау көрсетуде отбасы әлеуетін пайдалану.

Инклюзивті орта құру бойынша мектеп жұмысының күтілетін нәтижесі:

а) оқушының мектепке, мұғалімдерге, сыныптастарына жағымды көзқарасы;

б) жалпы білім беру, қысқартылған немесе жеке бағдарлама шеңберіндегі академиялық табыстылығы;

в) оқушының әлеуметтік бейімделуі.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуді ұйымдастырудың негізгі бағыттары:

- психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің жергілікті нормативтік негізін құру;

- білім беру процесіне қатысушылардың қызметін анықтау;

- мектептің ағымдық жағдайын талдау және бағалау;

- мектептің педагогикалық ұжымын кәсіби дайындау;

- мектеп қауымдастығын дайындау;

- одақтастар мен әлеуметтік серіктестерді іздеу.

Психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің жергілікті нормативтік негізін құру мектеп құжаттамасына (мектеп жарғысы, мектепті дамыту жоспары және т. б.) қажетті өзгерістер мен толықтырулар енгізуді, оқушыларға қолдау көрсету нәтижелерін тіркейтін ішкі нормативтік актілерді жасауды және үдерісті реттеуді болжайды[22].

Білім беру процесіне қатысушылардың қызметтік міндеттері. Директор психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қызметін (ППҚҰ) құру туралы бұйрық шығарады, ППҚК қызметі, арнайы сыныптардың қызметі туралы ережені бекітеді, мамандардың тиісті міндеттерін бекітеді; мамандардың бағыну иерархиясын және олардың өзара әрекеттесу принциптерін қалыптастырады; басқарудың әрбір деңгейінде ақпаратты жинау және өңдеу тәртібін айқындайды; балалар ұжымының бөлінуіне жол бермейтін жағдайлар жасайды; пәнаралық негізде мұғалімдер мен мамандардың кәсіби өсуіне жағдай жасайды.

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары оқушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету процесіне басшылық жасайды, қолдау көрсету мамандары мен педагогтардың өзара әрекеттесуін реттейді; жеке психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету бағдарламасын құрастыруға, қолдау көрсету нәтижелері мен оқушының мектеп жетістігін талқылауға қатысады.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары білім беру үдерісіне қатысушылардың барлығында толерантты мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру және қолдау бойынша жүйелі жұмыс жүргізеді; барлық оқушыларды сыныптан тыс және бос уақыттағы іс-шараларға қатыстырады. Бұл ретте оқушылардың біркелкі емес мүмкіндіктері ескеріледі және балалар арасындағы бәсекелестік жағдайы жеңілдетіледі.

Мұғалім-оқытудағы қиындықтары бар оқушыларды анықтайды, қиындықтардың сипатын бағалайды, оқу материалын меңгерудегі про-

блемаларды анықтайды, оқу бағдарламаларын қысқартуды (бейімдеуді) орындайды, жеке оқу бағдарламаларын құрастыруға қатысады, типтік, қысқартылған немесе жеке оқу бағдарламаларына сәйкес ЕБҚ бар оқушылардың жетістіктерін бағалау және оқыту процесін дараландырады. Мұғалім психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қызметінің мамандарымен бірігіп жұмыс жасайды.

Мектептің психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қызметі (психолог, логопед, арнайы педагог, әлеуметтік педагог, тәрбиеші, педагог-ассистент):

- оқыту қиындықтары бар оқушыларды анықтайды, қиындықтардың сипатын және олардың пайда болу себептерін бағалау мақсатында психологиялық-педагогикалық тексеру жүргізеді;

- тексеру нәтижелерін тиісті формаларда құжаттайды;

- зерттеу нәтижелері бойынша оқушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтайды;

- оқушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің жеке бағдарламаларын жасайды;

- оқушылармен жеке және топтық сабақтар жүргізеді;

- мұғалімдерге, ата-аналарға, мектеп әкімшілігіне кеңес береді;

- психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету бағдарламаларын іске асыру нәтижелерінің мониторингін жүзеге асырады;

- әлеуметтік серіктестермен өзара қарым-қатынас жасайды.

ППҚК мамандары мектептің педагогикалық кеңесінің құрамына енгізіледі. Олардың педагогикалық кеңестің жұмысына қатысуы оқушылардың үлгермеушілігінің және мінез-құлқының бұзылу себептерін анықтауға және оларды жеңу тәсілдерін талқылауға мүмкіндік береді.

Әдістемелік бірлестіктердің отырыстарында мамандар жоспарлы түрде мұғалімдерді оқытудың арнайы әдістері және тәсілдерімен, жеке және сараланған тәсілдердің технологиясымен таныстырады.

Мектептің психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмысы келесі принципте құрылады:

- а) бағалаудың кешенді (пәнаралық) тәсілі: медициналық мәліметтер мен баланың әлеуметтік-психологиялық даму тарихының зерттелуі, әр түрлі мамандардың (психолог, логопед, арнайы және әлеуметтік педагогпен) тексеруі;

- б) жүйелі және біртұтас тәсіл: оқыту қиындықтарының пайда болу себептері мен механизмдерін белгілеу, табысты оқытуға кедергі келтіретін бастапқы (жетекші) және қайталама қиындықтардың арақатынасын белгілеу;

- в) оқушылардың өзгеріп отыратын қажеттіліктерін динамикалық зерттеу: оқыту процесінде жаңа қажеттіліктерді қанағаттандырудың және олардың пайда болуының мониторингі;

- г) командалық жұмыс негізінде:

- ЕБҚ мен мектепте оқытудың қиындықтарын анықтау мен бағалауға қойылатын бірыңғай амал мен талаптарды сақтау;
- бірыңғай құндылықтарын ұстану: оқушының жеке тұлғасына деген құрмет, оның ішінде отбасы берген бала туралы ақпараттың құпиялылығын сақтауды болжайды;
- білім беру үрдісінің қатысушылардың ынтымақтастығы өзара құрметті және сенім артуы: мұғалімнің, маманның, ата-ананың және баланың;
- қолдау көрсету мамандары арасындағы жауапкершілікті бөлу.

Мектептің ағымдағы жағдайын талдау мен бағалауды мектеп әкімшілігі және ППҚК мамандары төмендегі көрсетілген мақсаттар үшін жүргізеді:

- ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларға қолдау көрсетуге мектеп ұжымының дайындығын зерттеу. Сауалнама, сұрақтар, әңгімелеуді қолдану [23]

-ерекше білім беру қажеттілігі әлі айқындалмаған оқыту қиындықтары бар балаларды анықтау.

Мектептің педагогикалық ұжымын кәсіби дайындау. Мектеп әкімшілігі инклюзивті білім берудің принциптері мен құндылықтары, оқушыларды оқыту қиындықтарының көріністері мен себептері, оқытудың бейімдік әдістері, оқушыларға жеке әдістер технологиялары, жеке және қысқартылған оқу бағдарламаларын құрастыру әдістері туралы педагогтардың ақпараттарын арттыруға бағытталаып, ұйымдастыруы тиіс. Кәсіби дайындық біліктілікті арттыру курстары, семинарлар, дөңгелек үстелдер, конкурстарға, конференцияларға және т.б. іс-шараларға педагогтардың қатысуы арқылы жүзеге асырылады.

Мектеп қауымдастығын дайындау мектеп әкімшілігі мен ППҚК мамандарының педагогикалық ұжыммен, оқушылармен, ата-аналармен толерантты мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру мақсатында алдын ала және ағымдағы жұмысын болжайды. Әңгіме, семинарлар, дидактикалық ойындар, әлеуметтік роликтерді қарау, кинофильмдерді, мақалаларды, кітаптарды талқылау сияқты жұмыс түрлері қолданылады [24].

Одақтастар мен әлеуметтік серіктестерді іздеу қосымша ресурстар ретінде мектеп әкімшілігі, психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету мамандары жүзеге асырады. Мұндай әріптестер арнайы білім беру ұйымдарының педагогтары (ПМПК, ППҚК, арнайы мектептер), ғылыми-зерттеу орталықтары, зертханалар; жоғары оқу орындары; қоғамдық ұйымдар; ерекше қажеттіліктері бар балалардың ата-аналарының ұйымдары, басқа да мүдделі ұйымдар мен тұлғалар бола алады.

5. ЕРЕКЕШЕ БІЛІМ БЕРУГЕ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР ОҚУШЫЛАРҒА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУДІҢ МАЗМҰНЫН АНЫҚТАУ (КОМАНДАЛЫҚ ТӘСІЛ)

5.1 ПМПК ҚОРЫТЫНДЫСЫ НЕГІЗІНДЕ ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІГІН БАҒАЛАУ ЖӘНЕ МЕКТЕПТЕГІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ БАҒЫТТАРЫН АНЫҚТАУЫ БОЙЫНША ЖҰМЫС КЕЗЕҢДЕРІ

5.1 ЕРЕКШЕ БІЛІМ АЛУ ҚАЖЕТТІЛІГІН БАҒАЛАУ ЖӘНЕ МЕКТЕПТЕГІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ БАҒЫТТАРЫН АНЫҚТАУ БОЙЫНША ЖҰМЫС КЕЗЕҢДЕРІ

1 - кезең: оқушыны оқыту мен оқытудағы қиындықтардың сипаты туралы ақпарат жинау.

ПМПК жолдамасы бойынша психикалық және дене дамуы бұзылған бала сыныпта оқыған жағдайда мұғалім мен мамандар сыныптағы сабақтарда мұндай оқушының оқуы мен мінез-құлқындағы қиындықтарын зерделей отырып, бірден бақылауға кіріседі. Әр маман бір апта ішінде баланы қадағалайды (алдын ала қадағалап, қандай маман және қандай баланы алу керектігін жүзеге асырады). Бақылау нәтижелерін белгілеу үшін мұғалімдер мен мамандар үшін бірыңғай бақылау хаттамасы қолданылады (1-қосымша. 2 А формасы). Бақылау бір апта ішінде жүзеге асырылады. Күнделікті бақылау нәтижелері тіркеледі (баға қиындықтар баллында), содан кейін қорытылады (1-қосымша. 2 б формасы). Сабақта бірінші бақылау әдісін қолдану маңызды болып табылады, өйткені мамандар баланың сыныпта табысты оқуға мүмкіндік бермейтін ерекшеліктерін (өз ерекшеліктері: күшті және әлсіз жақтар барлық адамдарда болады) анықтауы керек.

Бала туралы қосымша, бірақ маңызды ақпарат алу үшін мұғалім ата-аналарға сауалнаманы және коммуникативтік төлқұжатты толтыруды ұсынады (1-қосымша. 1а, 1в-формасы). Осы кезеңде мамандар бала туралы ақпаратты ата - анасымен әңгімелесу және сауалнама жүргізу әдістерін пайдалана отырып жинайды (1-қосымша, 1б-форма).

Сабақтардағы баланы бақылау, ата-аналармен сауалнама жүргізу және әңгімелесу нәтижесі - алынған деректерді талдау және қорыту, олардың негізінде оқытудың басты (бастапқы) қиындықтары туралы болжамдар (гипотезалар) қалыптастыру және тереңдетілген тексерудің тиісті бағыттары мен әдістерін таңдау болуы тиіс.

2-кезең. Оқушыны тереңдетіп және бағытты зерттеу (тексеру). Әрбір маман қажетті әдістерді, әдістемелерді, тесттер мен тәсілдерді пайдалана отырып психологиялық, логопедтік, арнайы педагогикалық тексеру жүргізеді, оның нәтижелерін тексеру хаттамаларына енгізеді (Логопед сөйлеу картасын толтырады). Психолог психологиялық тексеру хаттамасы. Арнайы педагог - оқу қызметі компоненттерінің жағдайын бақылау хаттамасын толтырады.

Тексерудің барлық түрлеріне қойылатын басты талабы - сыныптағы баланы оқыту қиындықтарының сипаты мен себептерін анықтауға бағытталуы болып табылады. Осының негізінде бірінші кезеңде қалыптасқан оқу қиындықтарының сипаты мен себептері туралы болжамға сүйене отырып, маман тексеру пәні ретінде баланың даму аймақтарын, оның ішінде баланың оқу үлгеріміне әсер ететін психикалық функцияларын немесе сөйлеу тілінің даму жақтарын ғана таңдайды. Мысалы, егер психолог пен логопед сабақ кезіндегі бақылау және ата-аналармен әңгіме, сауалнама жүргізу барысында балада есту-сөйлеу ақпаратын өңдеу қиындықтарын және көру арқылы есте сақтау мен жазу мәселелерінің жоқтығын анықтаса, онда олардың тереңдетілген тексеру фокусына баланың есту-сөйлеу назары мен жадының (психолог), фонематикалық есту қабілеті мен сөйлеу тілін түсінуінің (логопед) ерекшеліктері кіреді.

Осылайша, кез келген маманның тексеру мақсатының соңы – бұл баланың барлық психикалық функцияларының, білімдерінің, іскерліктері мен дағдыларының, мінез-құлықтары мен эмоционалдық ерекшеліктерінің формальды сипаттамасы ғана емес, олардың жағымсыз сипаты мен дәрежесін анықтау, сондай-ақ оқудағы табыстылыққа оң әсер етуін айқындау.

Мұғалім білім мен іскерлікті нақты меңгеру деңгейін, сондай-ақ оқу бағдарламасын меңгерудегі проблемалар дәрежесі мен сипатын анықтау мақсатында барлық пәндер бойынша оқу жетістіктерін критериалды бағалауды жүргізеді. Осы жұмыстың нәтижелері бойынша оқушының қиындықтары анықталған оқу пәндері бойынша жетістіктер карталары толтырылады. Мұғалім сондай-ақ оқу жұмысында оқушының қалауын белгілеуі тиіс (қандай ақпаратпен жұмыс істеуді қалайды, қандай оқыту әдістері мен жұмыс түрлері білім мен дағдыларды барынша толық меңгеруге ықпал етеді, ал күтілетін нәтижеге қол жеткізуге не ықпал етпейді және т.б.).

Әрбір тексеру барысында маман мен мұғалім баланың әлсіз және мықты даму жақтарын ғана емес, сонымен қатар баланың оқуда табысты болу үшін бала бойындағы бар ресурстарын анықтайды.

Тексеру нәтижесінде әр маман мен мұғалім балаға мінездеме жасайды, барлығына бірдей форма толтырады (1-қосымша, 3-форма). Мамандар мен мұғалім балаға бір параметр бойынша мінездеме береді, бірақ өзінің кәсіби көзқарасы тұрғысынан. Оқу пәндері бойынша бағдарламаны меңгеру дәрежесінің сипаттамасын тек мұғалім мен арнайы педагог береді.

3-кезең. Бірлесіп (мамандар, мұғалім және ата-аналар) оқушының ерекше білім беру қажеттілігін және психологиялық-педагогикалық қолдау мазмұнын анықтау, оқыту қиындықтарын талқылау.

Қолдау көрсету қызметінің бірлескен отырысында мұғалім және әрбір маман балаға өзінің ұстанымы бойынша мінездеме береді: оқытудың қиындықтарын сипаттайды, олардың пайда болу себептері мен механизмдері туралы өз пікірін білдіреді, баланың мүмкіндіктері мен күшті жақтарын ашады (ата-аналар жеке отырысқа шақырылады).

Бұл кезеңде оқыту қиындықтарының сипаты мен себептері туралы болжам оқу қиындықтарының түрін (себептерін) анықтау түріндегі соңғы қорытындысы болады (Қосымша-В). Қосымшада оқытудың негізгі қиындықтарының қысқаша сипаттамасы беріледі:

- жұмысқа қабілеттілігінің төмендігі;
- іс-әрекетін еркін реттеу, жоспарлау және бақылау жеткіліксіздігі;
- есту-сөйлеу ақпаратының өңделуі;
- көру және көру-кеңістіктік ақпараттың өңделуі.

Оқыту қиындықтарының сипатын (түрін) анықтағаннан кейін баланың жалпы мінездесі ұжымда талқыланып жасалады, онда бастапқы және екіншілік қиындықтардың жалпы көрінісі, олардың себептері мен туындау механизмі баяндалады. Табысты оқытудың ресурстары ретінде баланың күшті жақтары, ерекшеліктері мен мүдделері сипатталады (қосымша-,А 4-форма).

Бірлескен талқылау барысында ерекше білім беру қажеттілігі, мұғалімге, мамандарға, ата-аналарға, оқушыға қолдау көрсетудің негізгі бағыттары анықталады, мұғалім мен ата-аналарға ұсыныстар жасалады.

4-кезең. Анықталған білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыруды қамтитын психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің жеке бағдарламасы құрастырылады: қысқартылған немесе жеке оқу бағдарламалары, арнайы оқыту әдістері, психологпен, логопедпен, арнайы педагогпен жеке-дамыту бағдарламалары, мұғалімге, ата-аналарға берілетін ұсыныстар (қосымша-,А 4-форма).

В-қосымшасында үлгі ретінде ЕБҚ бар 1 сынып оқушысына психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің жеке бағдарламасы толтырылып ұсынылған. Г-қосымшасында математика пәнінен қысқартылған және жеке оқу бағдарламаларының үлгісі мен арнайы педагогпен жеке сабақтар бағдарламасының үлгісі көрсетілген.

5-кезең. Мониторингпен қолдауды іске асыру.

Мамандар мен мұғалім тарапынан оқушының ерекше білім беру қажеттілігін бағалау және қанағаттандыру алгоритмі 12 қадаммен жүзеге асырылады, олардың сипаттамасы 4-кестеде келтірілген. Оқушы туралы алынған ақпаратты тіркеу формалары және психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің жеке бағдарламасының формасы А-қосымшада берілген.

4-кесте. ППҚК мамандарының, мұғалімдерінің, ЕБҚ бар оқушылар ата-аналарының өзараәрекеттесу алгоритмі.

Мұғалім, ата-ананың әрекеті	Ата-аналарға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету мамандарының, ата-аналардың әрекеті
1. Мұғалім ЕБҚ бар оқушылармен танысады. Баланың ПМПК қойған қорытындысы мен ұсыныстарын зерттейді. (қыркүйектің бірінші аптасында)	1.Мамандар мектептегі ЕБҚ балалардың тізімін құрады. ПМПК қойған қорытындысы мен ұсыныстарын зерттейді. (қыркүйектің бірінші аптасында) 1-Форма.
2. Ата-аналармен әңгіме өткізеді, олардан бала туралы мәліметтер жинайды, оларға сауалнама (1а-формасы) және коммуникативтік паспорт (1в-формасы) толтыруды ұсынады. (қыркүйектің 1-2 аптасы)	2. Ата-аналармен әңгіме өткізеді, олардан бала туралы мәлімет жинайды, 1Б-формасындағы сауалнаманы толтыруды ұсынады(қыркүйектің 1-2аптасы)
3. Бірнеше күн бойы ЕБҚ бар оқушыны бақылайды, "сабақта оқушыны бақылау хаттамасы" ағымдағы нысанын толтырады (2а-форма). (қыркүйектің 1-3 аптасы)	3. Бірнеше күн бойы ЕБҚ бар оқушының сабаққа қатысуын қадағалайды, «оқушының сабаққа бақылау хаттамасы» ағымдағы нысанын толтырады (2а-нысан). (қыркүйектің 1-3 аптасы)
4. Бақылау нәтижесін «Сабақа барысында оқушыны бақылау хаттамасы» қорытынды формаға енгізеді (Форма 2б). (қыркүйектің 2-3 аптасы)	4. Бақылау нәтижесін «Сабақа барысында оқушыны бақылау хаттамасы» қорытынды формаға енгізеді (Форма 2б). (қыркүйектің 2-3 аптасы)
<i>2 б – формасы жылдың басында, бірінші жарты жылдықтан кейін және жылдың аяғында толтырылады, яғни баланы оқытудың даму қарқыны мен табыстылығының мониторингі құралы болып табылады.</i>	
5. Оқушының оқу жетістіктерін критериялды бағалауды жүргізеді. Бағдарламаны меңгерудегі проблемаларды анықтайды.	5. Оқушының нақты мәселелерін (психологиялық, педагогикалық, логопедтік, әлеуметтік) зерттеуге бағытталған жеке тексеру жүргізеді.
6. Ата-аналарға бақылау, әңгімелесу және сауалнама жүргізуді қорытындылайды және оқушының оқу жетістіктерін "оқушының сипаттамасы" (3-форма) формасында зерттейді.	6. Бақылау, әңгімелесу, ата-аналарға сауалнама нәтижелерін қорытындылайды, тереңдетілген зерттеуді "оқушының сипаттамасы" формасында және мамандардың хаттамаларында тіркейді (3-форма)
<i>3-форма жыл басында, бірінші жартыжылдықтан кейін және жыл соңында баланың даму серпіні мен оқытудың табыстылығы мониторингінің нәтижелерін тіркеу ретінде толтырылады.</i>	
7. Оқушының ерекше білім алу қажеттіліктерін ұжымда (мамандармен және ата-аналармен) талқыланады және психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің мазмұнын анықтауға қатысады.	7. Оқушының ерекше білім алу қажеттіліктерін ұжымда (мұғаліммен және ата-аналармен) талқылауды және оқушының психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету мазмұнын анықтауды ұйымдастырады және өткізеді..

<p>Оқушылар туралы барлық мәліметтерді талқылау нәтижесінде оқушыны оқытуда қиындықтар, олардың пайда болу себептері мен механизмі белгіленеді. «Оқушының жиынтық сипаттамасы» құрастырылады. (4-форма) <i>Бұл форма маманның жеке жұмыс тиімділігінің мониторингі ретінде жылдың басында, бірінші жартыжылдықтан кейін және жылдың аяғында толтырылады</i></p>	
8. Психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің жеке бағдарламасын жасауға және толтыруға қатысады. (5-форма)	8. Психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің жеке бағдарламасын жасауға және толтыруға қатысады. (5-форма)
10. Баланы жеке тәсілдеумен және оқытудың арнайы әдістері мен бағалау тәсілдерін қолдана отырып, сыныпта оқытады және бағалайды.	10. Маманның оқушыға тән оқу бағдарламасына сәйкес жеке (топтық) түзете-дамыту жұмыстарын жүргізеді.
11. Оқушының оқу жетістіктеріне мониторинг жүргізеді және нәтижелерін қорытады.	11. Оқушының дамуы мен жетістіктеріне мониторинг жүргізеді және оның нәтижелерін қорытындылайды.
12. КОНСИЛИУМҒА ҚАЙТА ҚАТЫСАДЫ. ҚОЛ ЖЕТКІЗІЛГЕН НӘТИЖЕЛЕРДІ ТАЛДАЙДЫ. ЕКІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҚҚА БЕЙІМДЕЛГЕН НЕМЕСЕ ЖЕКЕ БАҒДАРЛАМАЛАРДЫҢ МАЗМҰНЫН ТАЛҚЫЛАЙДЫ.	12. ҚАЙТА КОНСИЛИУМ ӨТКІЗЕДІ. ҚОЛ ЖЕТКІЗІЛГЕН НӘТИЖЕЛЕРДІ ТАЛДАЙДЫ. ҚОЛДАУ КӨРСЕТУДІҢ ЖЕКЕ БАҒДАРЛАМАСЫНА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗЕДІ, ЕКІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҚҚА БЕЙІМДЕЛГЕН НЕМЕСЕ ЖЕКЕ ОҚУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ЖАСАУҒА ҚАТЫСАДЫ.

5.2 ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ МАМАНДАРЫНЫҢ ОҚУШЫҒА КӨМЕК КӨРСЕТУІ

Психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қызметінің әрбір маманының жеке-дамытушылық жұмысының басты мақсаты - баланың құрдастарымен бір сыныпта оқуға және өз мүмкіндіктеріне сәйкес оқу бағдарламасын меңгеруге көмектесу үшін барлық мүмкіндіктерді жасау. Мамандардың міндеті дамытушы жұмысты өз әдістері мен тәсілдері арқылы, соның ішінде қысқартылған (бейімделген) білім беру бағдарламасын меңгерту үшін зиятының, сөйлеу, әлеуметтік-коммуникативтік және жеке дамудың жеткілікті деңгейін (міндетті емес нормативтік) қамтамасыз ету.

Психологпен, логопедпен, әлеуметтік педагогпен жеке бағдарламалар жасаған кезде, психологиялық-педагогикалық жұмыстың жалпы принциптерінен (жас және жеке ерекшеліктерін есепке алу, іс-әрекеттік тәсіл және т. б.) басқа, келесі принциптерді ұстану қажет:

1) сыныптағы оқу қиындықтарын жеңуге жеке-дамыту жұмысының бағыттылығы. Логопед ең алдымен оқу пәндері бойынша бағдарламаны меңгеруге кедергі келтіретін сөйлеу дамуының бұзылыстарын түзейді. Психолог мектеп дағдыларын меңгеруге кедергі келтіретін психикалық

функцияларының дамуы бойынша жұмыс істейді: жазу, оқу немесе есеп және т. б. Арнайы педагогтың міндеттері мектеп бағдарламасының қандай да бір бөлімдерін меңгерудегі проблемаларды толықтыру, оқушыны күрделі оқу материалдарын меңгеруге дайындау, оқу қызметінің құрылымдық компоненттерін қалыптастыру болады.

2) тұлғалық бағдар және жеке тәсіл: баланы тек проблемалары мен бұзылымдарына қарай емес, сонымен қатар өзінің қажеттіліктері мен уәждері, сондай-ақ даму үшін жеке ресурстары бар белсенді тұлға ретінде қабылдау. Мамандардың міндеті-баланың қажеттілігін ескеру және оқыту қиындықтарын жеңу мен дамуы үшін қолайлы жағдай жасау. Бағдарламаны жасау кезінде баланың әлсіз жақтарын ғана емес, сонымен қатар күшті жақтарын да ескеру, оның мүдделері мен қызығушылықтарына сүйену.

Бұл принципті іске асыру үшін бірқатар шарттарды сақтау қажет:

- бағдарламаның оқушы үшін қол жетімділігі; оның міндеттері баланың жақын даму аймағы ескеріле отырып қойылуы тиіс;

- оқу мен мінез-құлықтың қиындықтарын жеңуге ғана емес, оларды тудыратын себептерге де бағдарлануы;

3) әлеуметтік, коммуникативтік бағыттылығы баламен жұмыс істеудің негізгі тәсілі ретінде; күнделікті өмірде қалыптасқан дағдыларды пайдалану қажеттілігін сезінгенде жағдайлар құру, жаттығулар, белсенділікті ұсыну: білім алу, ойында, қарым-қатынас жасауда және әлеуметтік әрекеттесуде;

4) баламен жұмыс істеу бағыттары мен әдістерінің дербес таңдалуына қарамастан, түрлі профельдегі мамандар мен сынып мұғалімінің жұмыстағы мақсаттарының, тәсілдерінің, талаптарының сабақтастығы мен бірлігі. Психологтың, логопедтің немесе арнайы педагогтың кәсіби әдістерінің барлығы баланы оқытудың нақты қиындықтарын жеңуге бағытталуы тиіс;

5) ата-аналарды дамыту жұмысына белсенді тарту. Осы принциптерді іске асыру үшін мынадай шарттарды сақтау қажет:

- өмірдің түрлі салаларында баланың әлеуетін, күшті жақтарын және проблемаларын жақсы түсіну үшін ата-аналардың пікірін есепке алу;

- балаға көмек көрсету бағдарламаларын әзірлеу үшін ата-аналармен әріптестік қарым-қатынасты және ынтымақтастықты дамыту;

- дамыту жұмысының бағдарламасын әзірлеу кезінде ата-аналардың сұранымын есепке алу;

- ата-аналарды үй жағдайында мамандардың ұсыныстарын орындауға (үй тапсырмалары) ата-аналардың мүмкіндіктері мен ресурстарына сүйене отырып және отбасы туралы мәліметті біле отырып тарту.

Әрбір бала үшін бағдарламаның әзірленуі оның жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктеріне сүйене отырып, жеке әдістерді, тәсілдерді таңдауды және пайдалануды көздейді. Әрбір маман жеке зерттеу негізінде қандай бағыттар бойынша жұмыс істейтін, қандай әдістер мен тәсілдерді пайдалануға болатынын өзі шешеді. Маман психологиялық-педагогикалық жұмыстың адек-

ватты әдістерін таңдау, баламен өз жұмысының тиімділігін қамтамасыз ету үшін заманауи және инновациялық психологиялық-педагогикалық технологияларын (арнайы және баламалы әдістерді) білуі және жақсы меңгеруі тиіс. Олардың кейбіреулері әдістемелік нұсқаулықтың әдеби көздері тізімінде ұсынылған, онда әр түрлі мамандарға арналған оқу-әдістемелік әдебиет көрсетілген [25-32].

5.3 ОҚУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ҚЫСҚАРТУДЫ ОРЫНДАУҒА, ЖЕКЕ ОҚУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ЖАСАУҒА АРНАЛҒАН ҰСЫНЫСТАР

Оқу пәні бойынша қысқартылған / жеке бағдарлама оқу тоқсанына құрылады, оның нәтижелері бойынша келесі тоқсанға арналған бағдарлама жасалады. Оқушының оқу материалын қандай қарқынмен игере алатынын алдын ала болжау қиын, бұл жоспарланғанның ішінде ең үлкен қиындықтарды тудырады. Сондықтан білім беру үдерісі барысында бағдарламаны түзету қажеттілігі туындауы мүмкін. Бағдарламаны уақытылы түзету үшін үнемі оқушының жетістіктерін бақылау қажет. Ол үшін мұғалім мен қолдау көрсету мамандары қол жеткізген жетістіктерді критериялды бағалауды іске асырады [13].

МЖМБС-да белгіленген көлемде және оның сыныпта оқу қарқынына сәйкес оқушы оқу пәнінің мазмұнын меңгеруде қиындықтарға тап болған жағдайда оқу бағдарламаларын қысқартуды (бейімдеу) талап етіледі.

Жеке оқу бағдарламаларын жасау ПМПК ұсыныстарына сәйкес жүзеге асырылады: *"Жеке оқу жоспары және жеке оқу бағдарламалары бойынша оқыту"*. Жалпы сынып жағдайында зияты зақымдалған оқушы үшін жеке оқу бағдарламасы жасалады. Оқу жоспарын дараландыру оқушының қатысуы міндетті болмайтын оқу жоспарының пәндерін (мысалы, алгебра немесе шет тілі) айқындаудан тұрады.

Қысқартылған/ жеке оқу бағдарламасын сынып мұғалімі арнайы педагогпен бірге педагогикалық диагностика (бағалау) негізінде және пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын ескере отырып, ақыл-ойы кем оқушыларға арналған МЖМБС / үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жасайды.

Қысқартылған / Жеке оқу бағдарламасының мәтінінде күтілетін нәтижелер (оқушының дағдылары мен шеберлігі) түрінде тұжырымдалған Типтік оқу бағдарламасының бөлімдері бойынша оқу мақсаттары және осы оқушы үшін неғұрлым тиімді оқыту әдістері мен тәсілдері көрсетіледі (қосымша-Г). Топтық талқылау барысында оқушының мүмкіндіктерін психологиялық-педагогикалық зерттеу нәтижелерінің негізінде оқытудың мақсаты мен әдістері анықталады.

Педагогикалық диагностиканы өткізу кезінде педагогтар оқу пәні шеңберінде оқушы өз бетінше білетін (өзекті деңгей) дағдыларды және қалыптастыру сатысында тұрған дағдыларды (жақын даму аймағы) айқындауы тиіс.

Ең жақын даму аймағын анықтау критериясы оқушының оқу тапсырмасын табысты орындау, белгілі бір іскерлікті немесе дағдыларды (мысалы, арифметикалық тапсырманы шешу, шаманы өлшеу және нәтижені жазу) іске асыру үшін мұғалімнің көмегін пайдалану қабілеті болып табылады.

Оқушыға көмек ретінде мұғалім қолдануы мүмкін: жетекші сұрақтарды, көрнекі түрде ұсынылған алгоритм, иллюстрациялық материалды, пәндік қызметті, үлгіні, жұмыстың орындалуын көрсете алады.

Қажеттіліктерді бағалауды жүргізу кезінде бұрын оқыған оқу материалы туралы білімдеріндегі немесе мектеп бағдарламаларын меңгеру үшін базалық болып табылатын дағдылардағы бар "проблемаларға" назар аудару қажет. Олар оқу материалын меңгерудегі қиындықтарға себеп болуы мүмкін, оларды толықтыру қажет. Бұл дағдыларды қалыптастыру мақсаты оқушы бағдарламасына енгізілуі тиіс.

Педагогикалық диагностиканы өткізу кезінде оқу іс-әрекеті компоненттерінің қалыптасуына (мотивация, өзін-өзі ұйымдастыру, жоспарлау, оқу іс-әрекеттерін орындау және бақылау), жұмыс қабілеттілігіне, қызмет қарқынына және оқушының оқу материалын жақсы түсінуге көмектесетін оқу жұмысының формаларына (жазбаша, ауызша, практикалық әрекетке, иллюстрациялық материалға және т.б. сүйеніп) назар аудару қажет, өйткені бұл оқушы үшін ең қолайлы оқыту әдістері мен тәсілдерін, оның қызметін сабақта ұйымдастыру тәсілдерін таңдауға негіз болады.

Диагностикалау ретінде оқу пәнінің бөлімін, тақырыбын анықтау шеңберінде оқу мақсаттарына сәйкес тапсырмалар мен жаттығуларды қолдану. Нұсқаулық нақты, қысқа, кезеңді болуы қажет. Тестті қолданбаған жөн. Оқушы бағдарламалық материалды меңгеруде емес, тапсырманы орындау шарттарын саналы түсінуде қиындықтары туындап, қате жіберуі мүмкін. Педагогикалық диагностиканы мұғалім сабақта, ал арнайы педагог жеке сабақтарда жүргізеді.

Педагогикалық диагностиканың нәтижесі оқушының меңгерген білім деңгейі мен көмек көрсету мазмұнын анықтау үшін тіркеледі (оқу мәнінің тақырыбы мен бөлімі бойынша жетістік картасы). Оқушыда алдыңғы тоқсанның немесе тіпті сыныптың бағдарламасына сәйкес келетін жақын даму аймағы мен дағдыларды меңгеру деңгейі анықталуы мүмкін. Кез келген жағдайда педагогикалық диагностиканың нәтижелері – оқушы үшін бағдарламаның мазмұнын анықтау үшін бастапқы нүкте.

Оқу бағдарламасын қысқарту кезінде ЖТД-мен оқитын оқушы үшін міндетті болмайтын оқу мақсаттары (шеберлігі мен дағдылары) анықталады, олар осы тоқсанда оның бағдарламасына енгізілмейді. ЕБК

бар оқушы үшін міндетті және міндетті емес критерийлерін анықтау мақсаты болып (іскерліктер мен дағдыларды) - оқу пәні шеңберінде негізгі білім мен дағдыларды меңгеруде алға жылжуы үшін олардың қажеттілігі болып табылады.

Мысалы, ЕБҚ бар білім алушы үшін 1-сыныпты математика курсында "алгебра элементтері" бөлімін оқу мақсаттары (дағдылары) міндетті емес: 1.2.1.2 әріптің берілген мәнінде әріптік өрнектің мәнін бір әрекетке табу; 1.2.1.3 қосу мен азайту арасындағы байланыстың әріптік теңдігі түрінде ұсыну және қолдану: $a+b=c$, $c-a=b$, $c-b=a$; 1.2.2.2 теңдеулерді іріктеу тәсілімен және қосу мен азайту байланысы негізінде шешу; "логика элементтері" деген 4-бөлімнен: 1.4.1.1 Диаграмманың көмегімен екі жиындарды біріктіру және жиын бөлігін жою; "математикалық модельдеу" 5-бөлімінен»: 1.5.2.5 қол астындағы материалдардың көмегімен деректерді жинауды, жүйелендіруді, кестелерді, пиктограммаларды, диаграммаларды құрастыру/аяқтау.

Жоғарыда көрсетілген оқу материалын алып тастау сандарды нөмірлеу білімін, 20 шегіндегі қосу және азайту есептеуіш тәсілдері 1-сыныптағы математика курсының негізі болып табылатын арифметикалық есептерді шешу тәсілдерін меңгеруге кедергі болмайды. Қысқартылған бағдарлама аясында оқушы меңгерген 1-сыныптың математика курсының негізгі ұғымдары екінші сыныптағы келесі бөлімдерді одан әрі оқуға мүмкіндік береді: 100 дейінгі сандардың нөмірленуі, олармен арифметикалық әрекеттер, арифметикалық есептер, шамалар және геометриялық материалдар.

ЕБҚ бар оқушы үшін оқу материалының көлемін азайту негізгі білім мен дағдыларды қалыптастыруға көп уақыт бөлуге, оқушының жұмыс қабілеттілігі мен оқу мотивациясын сақтауға мүмкіндік береді.

Пән бойынша жеке бағдарлама құру барысында (зияты зақымдалған оқушы үшін) оқу бағдарламасының әрбір бөлімінде оқушының "жақын даму аймағында" жатқан білім мен дағдыларға қатысты оқу мақсаттары мен мазмұны жағынан жақындатылған дағдылар айқындалады.

Жеке бағдарламалар бойынша жалпы сыныпта негізгі жалпы білім беретін пәндерді (математика, ана тілі және оқу) оқыту арнайы педагогпен жеке сабақтарда оқумен ұштастыра отырып жүзеге асырылуы мүмкін.

Оқушыны қысқартылған немесе жеке бағдарлама бойынша оқыту мұғалімнің сыныптағы жеке тәсілімен үйлеседі, оның қарқындылығы мен сипаты оқушының мүмкіндіктерінің өзгеруінен кейін үнемі өзгеріп отырады. Жеке тәсіл оқушы үшін қысқартылған/жеке бағдарлама шеңберінде оқу тапсырмасының көлемі мен күрделілігін өзгертуден, оқу тапсырмасын кезеңімен орындаудан байқалуы мүмкін; тапсырманы иллюстрацияға, алгоритмдік нұсқамаға, үлгіге, деректер кестесіне сүйеніп, шоттарды, калькуляторды пайдалана отырып, ереже мәтініне сүйеніп орындау мүмкіндігі.

Оқушы сабақ тақырыбына сәйкес келмейтін тапсырманы өзінің жеке бағдарламасы бойынша орындайды. Бұл тапсырманы сабақта сынып мұғалімі дайындайды және ұсынады. Ол үшін мұғалімге арнайы педагогтың кеңесі қажет. Сондықтан бұл педагогтар автономды емес, ынтымақтастықта жұмыс істейді.

Жетістіктерді бағалау қысқартылған немесе жеке бағдарлама шеңберінде жүзеге асырылады. Бағдарламаның әрбір мақсаты үшін бақылау-диагностикалық тапсырмалар іріктеледі.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Стратегический план развития Республики Казахстан до 2025 года (Указ Президента Республики Казахстан от 15 февраля 2018 года, № 636)
- 2 Открытое досье по инклюзивному образованию. ЮНЕСКО, 2003
- 3 «Равенство и инклюзивный подход в образовании. Руководство по подготовке, пересмотру и оценке планирования в секторе образования» (совместный продукт Инициативы Организации Объединенных Наций в области образования и др. международных организаций - 2010г.
- 4 Саламанская декларация «О принципах политики и практической деятельности в сфере образования лиц с особыми потребностями» 1995 г.
- 5 Закон РК «Об образовании».
